

MASSAGE.T.KZ

Олжас Сүлейменов: «Қазақ – пассионарлы ұлт!»



ҰЛТ TIMES: Құрметті Олжас Омарұлы! Біз Сізді өмір философиясы XX ғасырда әлемдік денгейде толық бір дәуірдің гуманитарлық дүниетанымын қалыптастырған тұлға ретінде білеміз. Айтыңызшы, Сіз қалыптастырған осы дәстүрді жалғастыратын жаңа тұлғаларды біз неге тәуелсіздік жылдары тәрбиелеп шығара алмадық? Бұған кім кінәлі?

Олжас Сүлейменов: – Менін замандастарыма XX ғасырда өмірге

келіп, XXI ғасырда ғұмыр кешу бақыты бұйырған. Мені отбасым, мектеп, Алматының көшелері, комсомол, қазірде Қазақ Ұлттық университеті аталатын білім ордасының геолого-географиялық факультеті және Мәскеудегі Әдебиет институты тәрбиелеп шығарды. Менің қалыптастансанамның іргетасы болған екі жағдайды ерекше атап өткім келеді. Біріншісі – анамның «енкейгенге еңкей ол әкеңнің құлы емес, шалқайғанға шалқай Пайғамбардың ұлы емес» деп үйреткен тәрбиесі мен сабағы. Халқымыздың тәрбиелік мәні бар құнды дүниелерінің ішінен анам адамды тұлға деңгейіне жеткізетін дәл осы қарапайым ғана қагиданы тандап алған. Егер бәрі дәстүрмен, осы рухпен тәрбиеленсе, бізде сатқындық, жағымпаздық болmas еді. Екінші – XX ғасырдан алған екінші тәлім – алдымен халықтың жағдайын (таптың, халықтың, мемлекеттің) содан кейін барып өзінді ойлау. Яғни, егер адамдар бақытсыз болса, сен де бақытты бола алмайсың. Егер, халық аш болса, сенің ток болуың – қылмыс. Кемеліне жетпеген социализмді қайта құру арқылы капитализмге бет бұру жоғарыда аталған екі постулатты теңкеріске ұшыратты. Адамның жеке мұддесі халықтың, мемлекеттің, адамзаттың мұддесінен жоғары тұруы қалыпты жағдай бол есептелеғін идеология қалыптасты. Біз өткен 20 жылдың ішінде дәл осы дүниетанымды мәдениетте, қоғамның адамгершілік деңгейінде, тіпті экономикада қандай көрініс бергеніне көз жеткіздік. Алдымен өзінің жағдайынды жасап аласың, одан кейін уақытың мен күшін қалса мемлекет, ел, халық сияқты өзге құндылықтарға көніл бөлуге болады. Соңғы 20 жылда жаңа ұрпақ өсті. Мен осы ұрпақтың бойына менің замандастарымды тәрбиелеген адамгершіліктің негіздері қайтып келсе еken деп тілеймін. Менің қазіргі жастарға берген батам – осы.

ҰЛТ TIMES: – Аты әлемге танылған философтар «бүгінгі дүниежүзілік экономикалық дағдарыстың себебі – адамзаттың дамуын қамтамасыз ететін мәдени құндылықтарды елемегендіктен туындал отыр» деп есептейді. Осында жағдайда қазақтың ұлттық мәдениетінде қандай нақты әрекеттер керек? Қазіргі сын актарға ұлт мәдениеті төтеп бере ала ма?

Олжас Сүлейменов: – Қазақ мәдениеті ғасырлар бойы адамды сыйлауды үйретіп келеді. Ұлттымыздың мәдениеті «халық», «адамдар», «ел» деген құндылықтарды құрметтеуге шақырады. Меніңше, осы дәстүрді ешқандай күштің күйретуі мүмкін емес. Егер заманның талabyна сәйкес, капитализм үшін бұл құндылықтардан бас тарту керек болса, қазактар онда капитализмнің өзінен бас тартар еді.

ҰЛТ TIMES: – Жаһандану қазақ мәдениетінің бағы ма әлде соры ма? Әлемдік мәдениетпен салыстырғанда қазақ мәдениеті тұрақтылық аралы ма? Қазақ мәдениеті әлемдік өркениетте өзінің лайықты орнын алуға қауқарлы ма?

Олжас Сүлейменов: – Жаһандануды кейбіреулер барлық ұлттық мәдениеттердің бір ғана бұкаралық мәдениетке беріле салуы деп есептейді. Бұл енді бір діннің барлық дінді алмастыра салуымен тен. ЮНЕСКО мәдениеттердің көптүрлілігін қорғайды. Әлемдік

денгейге көтерілуі үшін жаһанданудың қазақ мәдениетіне берері мол. Біз осы бағытта айтарлықтай қарышты қадам жасап келеміз.

ҰЛТ TIMES: – Қазақтар пассинарлы ұлт па? Және өзінізді қазақ деп санайсыз әлде Әлем адамы деп есептейсіз бе?

Олжас Сүлейменов: – Пассиноарлық – бұл мәдениеттің белсенділігінен көрінеді. Егер мәдениетті адамның қоғамда лайықты өмір сүру өнері, халықтың әлем алдында өзін-өзі көрсете білу өнері деп есептесек, Қазақстанның жиырма жылдағы белсенділігін қареге алсақ онда мен өзімді қазақ деген пассионарлы ұлттың өкілі және Әлем адамымын деп есептеймін.

Сұхбаттасқан Ж. Тұсіпбекұлы "ҰЛТ TIMES" газеті 31.05.2012